

**«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК бойынша сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау  
мақсатында қызметкерлермен орталықтың комплаенс-офицері өткізген  
жиналыс хаттамасы.**

Атырау қалысы

20 қазан 2023 жыл

**Хатшы:** М. Шаймарданова– Атырау облыстық қан орталығының заңгері,  
комплаенс офицер.

**Қатысқандар:** Атырау облыстық қан орталығының қызметкерлері;

**Күн тәртібі:** Атырау облыстық қан орталығы бойынша Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері  
мақсатында жиналыс өткізу.

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның қызметкерлері арасында  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау  
мәселері бойынша түсіндіру жұмыстары және оқыту іс шаралары жөнінде  
жиналыс өткізілді.

2023 жылдың 20 қазан күнгі сағат 15-00 де орталықтың мәжіліс залында ҚР  
мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
жөнінде қызметкерлермен жиналыс өткізілді, түсіндірме жұмыстарын  
комплаенс-офицер Маншук Шаймарданова оқытып таныстырды. «Сыбайлас  
жемқорлық пен күрес–еліміздің болашағына төнетін қауіпті жою».Жиналыс  
барысында Атырау облыстық қан орталығында комплаенс офицер  
М.Шаймарданова Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-  
қимыл туралы заңнамалырын баяндап оқыды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу  
бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп әрбір бөліпшелерге  
тексеріс жүргізілетінін атап өтті.

Жиналыс барысында орталықтың 2023 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық  
құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар  
Жоспары бекітілген. Жоспарда келесі шаралар көзделген: сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық

жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақыты шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында 2023 жылы тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жалғастыру.

Жиналыс барысын қорытындылай келе орталықта сыбайлас жемқорлыққа алдын алу шараларын нығайту жөнінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу бір ауыздан мақұлданды.

Қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру қажеттілігінің маңызы зор екендігі жеткізілді.

#### **Шешім етті:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмау үнемі жұмыстарын жүргізу.
2. Орлалықтың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалау жүктеу.

Комплаенс офицер:  М. Шаймарданова